

**«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ
«№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК**



**«Ақтөбе қаласының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің
«№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы»
мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорынының
2025-2026 оқу жылына жүргізілген
өзін-өзі бағалау қорытындысы**



Ақтөбе қаласы, 2025-2026 оқу жылы

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ
«№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорынының өзін-өзі бағалау
нәтижелері туралы
ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі-Заң), Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығын (бұдан әрі – бағалау өлшемшарттары), Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығын, әдістемелік ұсынымдарға 1 қосымша Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалау құрылымын басшылыққа ала отырып, «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынында 2025-2026 оқу жылында жүргізілген білім беру қызметіне өзін-өзі бағалау жүргізілді.

Өзін-өзі бағалаудың мақсаты: Білім беру қызметінің 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 1 қосымша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» талаптарына сәйкес жүзеге асырылуын айқындау.

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынында өзін-өзі бағалау 2026 жылғы 23 сәуірдегі №23 бұйрығымен бекітілген келесі құрамдағы комиссиямен (бұдан әрі-комиссия) өткізілді:

1. Жанжигитова Фарида Жолдыбаевна – «№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК меңгерушісі, комиссия төрағасы;
2. Базарбаева Зинаида Игоревна – «№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК әдіскері, комиссия мүшесі;
- 3.Ташранова Алия Мухамбеткалиевна – «№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК тәрбиешісі, комиссия мүшесі;
- 4.Карамульдина Жанагуль Игликовна – «№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК тәрбиешісі, комиссия мүшесі;
5. Көшербаева Гулназым Бакытқызы - «№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК тәрбиешісі, комиссия мүшесі.

Хатшы: Юлдашова Галия Хабидуллаевна.

Комиссиямен Бағалау өлшемшарттарына сәйкес ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді.

1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

1). Білім беру ұйымының аталуы:

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

2). Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан мекен-жайы):

Қазақстан Республикасы, индекс: 030014, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, КЕҢЕС НОКИН тұрғын үй алабы, Көкшетау көшесі, 5 ғимарат.

3). Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт):

Телефон: 87019127450

электрондық пошта: a.aqqu@yandex.kz

инстаграм парақшасы: akku_sad24,

https://instagram.com/akku_sad24?igshid=YmMyMTA2M2Y=

web-сайт: <http://akku-akt.kz/kz/>

4) Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә. және лауазымға тағайындау туралы бұйрық туралы деректер):

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК меңгерушісі: Жанжигитова Фарид Жолдыбаевна - «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №229 бұйрығымен меңгеруші лауазымына тағайындалды.

5). Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар (білім беру ұйымының Жарғысы):

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК Жарғысы Ақтөбе облысы әкімдігінің 2021 жылдың 30 қарашада №390 қаулысымен бекітілген, тіркеу № 002219196277

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама:

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақтөбе облысы бойынша филиалының Ақтөбе қаласы жер кадастры және тіркеу бөлімінің 2022 жылғы 06 қаңтардағы Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама берілді.

БСН 990440001600.

6). Рұқсат етуші құжаттар (мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті бастау немесе тоқтату туралы хабарлама):

Рұқсат етуші құжаттар: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарлама 2015 жылғы 17 ақпанда берілген, № KZ12XXX00008423.

«Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі» мемлекеттік деректер қорындағы мәліметтерге сәйкес келеді.

2. Кадрлық құрамға талдау

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар:

2.1 мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын сақтау.

Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәліметтер немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, оның ішінде базалық білімі жоқ педагогтер туралы мәліметтер

№24 «Акку» бөбекжай-балабақшасында 12 педагог қызмет етеді. 12 педагогтің барлығының жоғары білімдері бар. Оның ішінде бір педагогтің (Симанова Шолпан Кадировна) «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша жоғары білімі бар, сонымен қатар, "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша арнаулы орта білімі бар, және де "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша қайта даярлау курсынан өтіп, мерзімсіз куәлік пен сертификат алды. (куәлік №751, сертификат №0859253. Менгерушінің (Жанжигитова Ф.Ж.) «Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша жоғары білімі бар, "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша қайта даярлау курсынан өтіп, мерзімсіз куәлік пен сертификат алды (сертификат №0859442). Қалған 10 педагогтің тиісті бейіні бойынша жоғары білімдері бар.

Базалық білімі жоқ педагогтер №24 «Акку» бөбекжай-балабақшасында жоқ.

№	Педагогтің аты-жөні	Лауазымы	Білімі, бітірген оқу орны, мамандығы
1	Жанжигитова Фарида Жолдыбаевна	Менгеруші	1. Жоғары, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті, «Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті» 2. «Республикалық ТЖКБ беруді дамытудың және біліктілікті берудің ғылыми-әдістемелік орталығы» АҚ, «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша мерзімсіз қайта даярлау курсы (сертификат №0859442)
2	Базарбаева Зинаида Игоревна	Әдіскер	Жоғары, С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті, мамандығы «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу»
3	Симанова Шолпан Кадировна	Тәрбиеші	1. Жоғары, Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты, мамандығы «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» 2. Ақтөбе педагогика училищесі, мамандығы «Мектепке дейінгі мекемелердегі тәрбие» 3. Республикалық ТЖКБ беруді дамытудың және біліктілікті берудің ғылыми-әдістемелік орталығы", «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша мерзімсіз қайта даярлау курсы (сертификат №0859253)

4	Көшербаева Гулназым Бақытқызы	Тәрбиеші	Жоғары, Баишев Университеті, мамандығы «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»
5	Ташранова Алия Мухамбетка- лиевна	Тәрбиеші	Жоғары, С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті, мамандығы «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу»
6	Карамульдина Жанагуль Игликовна	Тәрбиеші	Жоғары, С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті, мамандығы «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу»
7	Юлдашова Галия Хабидуллаевна	Тәрбиеші	Жоғары, С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті, мамандығы «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу»
8	Калиева Канымкуль Жадырасыновна	Тәрбиеші	Жоғары, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, мамандығы «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»
9	Абдиреева Толганай Оразгалиевна	Тәрбиеші	Жоғары, С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті, мамандығы «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу»
10	Утенова Жанаргул Нурлановна	Тәрбиеші	Жоғары, Баишев Университеті, мамандығы «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»
11	Абаева Ару Алмасқызы	Музыка жетекшісі	Жоғары, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, мамандығы «Музыкалық білім»
12	Хайруллина Зейнеп Дулатовна	Психолог	Жоғары, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, мамандығы «Педагогика және психология»

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығына 1-қосымша «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 2-тарау, 22 тармағы талабына сәйкес келеді, барлық педагогтердің педагогикалық және тиісті бейін бойынша білімдері бар.

2.2 мемлекеттік білім беру ұйымы басшыларының үш жылда бір, педагогтердің (кемінде бес жылда бір рет) біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау туралы мәліметтер

Тәрбиеші Абдиреева Толганай Оразгалиевна «№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК-ның 02.07.2025 жылғы №38 бұйрығымен тәрбиеші лауазымы бойынша «педагог-модератор» біліктілік санатын алды.

«№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК-ның меңгерушісі Жанжигитова Фарида Жолдыбаевна – жоғары білімді, «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ-нің 11.09.2004 жылғы №454 бұйрығымен меңгеруші лауазымы бойынша «Бірінші санатты басшы» біліктілік санатын алды.

Тәрбиешілер Ташранова А.М., Карамульдина Ж.И., Юлдашова Г.Х. «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-нің 09.09.2024 жылғы №420 бұйрығымен тәрбиеші лауазымы бойынша «педагог-сарапшы» біліктілік санатын алды.

Әдіскер Базарбаева З.И. әдіскер лауазымы бойынша және тәрбиеші Көшербаева Г.Б. тәрбиеші лауазымы бойынша «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ-нің 11.09.2023 жылғы №371 бұйрығымен «педагог-сарапшы» біліктілік санатын алды.

Тәрбиешілер Симанова Ш.К. және Утенова Ж.Н. «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-нің 31.08.2023 жылғы №272 бұйрығымен тәрбиеші лауазымы бойынша «педагог-модератор» біліктілік санатын алды.

Тәрбиеші Калиева К.Ж. «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-нің 2021 жылғы 22 желтоқсандағы №23 бұйрығымен тәрбиеші лауазымы бойынша «педагог-модератор» біліктілік санатын алды.

Осы оқу жылында тәрбиеші Калиева К.Ж. мерзімінен бұрын «педагог-сарапшы» біліктілік санатын алуға құжаттарын дайындап, «Ұстаз» платформасына жүктеп қойды. 2026 жылдың 21 сәуір күні Педагогтредін білімін бағалауға қатысты, алайда тиісті балл жинай алмады, өтініш берген деңгейден төмен біліктілік санатына балл жинады (педагог-модератор) - 34 балл. Шілде айында ПББ-ға қайта қатысуға ниет білдіріп отыр. Сол уақытта аттестатауға өтініш беріледі.

Қалған екі педагог - жас мамандар және аттестаттау мерзімі келмеген педагогтер.

№	Педагогтің аты-жөні	Лауазымы	Санаты	Ескерту
1	Жанжигитова Фарида Жолдыбаевна	Менгеруші	«Бірінші санатты басшы»	«Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ-нің 11.09.2004 жылғы №454 бұйрығымен берілді
2	Базарбаева Зинаида Игоревна	Әдіскер	«Педагог-сарапшы»	«Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ-нің 11.09.2023 жылғы №371 бұйрығымен берілді
3	Симанова Шолпан Кадировна	Тәрбиеші	«Педагог-модератор»	«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-нің 31.08.2023 жылғы №272 бұйрығымен берілді
4	Көшербаева Гулназым Бақытқызы	Тәрбиеші	«Педагог-сарапшы»	«Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ-нің 11.09.2023 жылғы №371 бұйрығымен берілді
5	Ташранова Алия Мухамбеткалиевна	Тәрбиеші	«Педагог-сарапшы»	«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-нің 09.09.2024 жылғы №420 бұйрығымен берілді
6	Карамульдина Жанагуль Игликовна	Тәрбиеші	«Педагог-сарапшы»	«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-нің 09.09.2024 жылғы №420 бұйрығымен берілді
7	Юлдашова Галия Хабидуллаевна	Тәрбиеші	«Педагог-сарапшы»	«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-нің 09.09.2024 жылғы №420 бұйрығымен берілді
8	Калиева Канымкуль Жадырасыновна	Тәрбиеші	«Педагог-модератор»	Ақтөбе қаласыны білім бөлімі» ММ-нің 2021 жылғы 22 желтоқсандағы №23 бұйрығымен берілді

9	Абдиреева Толганай Оразгалиевна	Тәрбиеші	«Педагог»	«№24 «Аққу» бөбекжай- балабақшасы» МКҚК 02.07.2025 жылғы №38 бұйрығымен «педагог- модератор» біліктілік санаты берілді
10	Утенова Жанаргул Нурлановна	Тәрбиеші	«Педагог- модератор»	«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-нің 31.08.2023 жылғы №272 бұйрығымен берілді
11	Абаева Ару Алмасқызы	Музыка жетекшісі	«Педагог»	Жас маман
12	Хайруллина Зейнеп Дулатовна	Психолог	«Педагог»	Психолог қызметінде екі жыл жасады.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығына 1-қосымша «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 2-тарау, 24 тармағы талабына сәйкес келеді, педагогтер біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір рет арттырып тұрады.

2.3 кемінде үш жылда бір рет басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер

№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасының педагогтері «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы «Ақтөбе облысы бойынша Кәсіби Даму институты»-нан біліктілікті артыру курстарынан уақытылы өтіп, сертификаттар алды.

№	Педагогтің аты-жөні	Курстан өткен мерзімі	Сертификат нөмірі	Курстан өткен орны
1	Калиева К.Ж.	09.02-19.02.2026	№0877619	«Өрлеу» БАҰО
2	Юлдашова Г.Х.	12.01-22.01.2026	№0877005	«Өрлеу» БАҰО
3	Утенова Ж.Н.	30.09-10.10.2025	№0875639	«Өрлеу» БАҰО
4	Көшербаева Г.Б.	30.09-10.10.2025	№0875631	«Өрлеу» БАҰО
5	Абдиреева Т.О.	01.04-11.04.2024	№0755806	«Өрлеу» БАҰО
6	Ташранова А.М.	26.03-05.04.2024	№0644148	«Өрлеу» БАҰО
7	Карамульдина Ж.И.	26.03-05.04.2024	№0755714	«Өрлеу» БАҰО
8	Симанова Ш.К.	06.02-16.02.2023	№0544407	«Өрлеу» БАҰО
9	Жанжигитова Ф.Ж.	02.10-12.10.2023 10.02-21.02.2025	№0696555 №105755	«Өрлеу» БАҰО ІПШО
10	Базарбаева З.И.	03.07-14.07.2023 10.02-21.02.2025	№0640498 №105749	«Өрлеу» БАҰО ІПШО
11	Хайруллина З.Д.	03.04-13.04.2023	№0544758	«Өрлеу» БАҰО
12	Абаева А.А.	13.03.-24.03.2023	№0544681	«Өрлеу» БАҰО

2025-2026 оқу жылында «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы «Ақтөбе облысы бойынша Кәсіби Даму институты»-нан тәрбиешілер Калиева К.Ж., Юлдашова Г.Х., Утенова Ж.Н., Көшербаева Г.Б. біліктілікті артыру курстарынан өтіп, сертификаттар алды.

Менгеруші Жанжигитова Ф.Ж., әдіскер Базарбаева З.И., психолог Хайруллина З.Д. республикалық Балаларды түзету және дамыту орталығының ұйымдастыруымен өткен «Инклюзия саласындағы жаңа әдістер. Диагностика және түзету түрлері» атты семинарға қатысып, сертификаттар алды.

Менгеруші Жанжигитова Ф.Ж. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік Басқару Академиясының Ақтөбе облысы бойынша филиалының ұйымдастыруымен өткен «Ең алдымен адамдар: мемлекеттік қызметтердің сапасын арттырудың практикалық құралдары» тақырыбы бойынша 24 академиялық сағат көлемінде семинарға қатысып, сертификат алды (сертификат №АКТФ00033).

11 педагог (Жанжигитова Ф.Ж., Базарбаева З.И., Абдиреева Т.О., Калиева К.Ж., Утенова Ж.Н., Карамульдина Ж.И., Көшербаева Г.Б., Ташранова А.М., Хайруллина З.Д., Юлдашова Г.Х., Абаева А.А.) «EDU MASTER» педагогикалық шеберлік орталығының ұйымдастыруымен өткен «Мектепке дейінгі ұйымда инклюзивті білім беру: ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жасаудың заманауи тәсілдері мен әдістері» тақырыбындағы 80 академиялық сағат біліктілікті арттыру курсынан өтіп, сертификаттар алды.

7 педагог (Базарбаева З.И., Утенова Ж.Н., Абдиреева Т.О., Калиева К.Ж., Карамульдина Ж.И., Ташранова А.М., Хайруллина З.Д.) «Өрлеу» БАҰО АҚ ұйымдастыруымен өткен «Оқу үдерісі және ЖИ: генеративті модельдер мен промт-инжиниринг өнері» бағдарламасы бойынша оқудан өтіп, сертификаттар алды.

6 педагог (Жанжигитова Ф.Ж., Базарбаева З.И., Абдиреева Т.О., Калиева К.Ж., Карамульдина Ж.И., Көшербаева Г.Б.) «DARYN USTAZ» педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру орталығы» ЖШС ұйымдастыруымен өткен «Білім берудегі жасанды интеллект: инновациялық технологиялар мен оқу үдерісінің цифрлық трансформациясы» тақырыбындағы 80 академиялық сағат біліктілікті арттыру курсынан өтіп, сертификаттар алды.

Менгеруші Жанжигитова Ф.Ж. Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен өткен «Аттестатталушы педагогтің озық тәжірибесін жинақтау» тақырыбындағы облыстық әдістемелік практикумға қатысып, сертификат алды (сертификат №007767).

Тәрбиеші Көшербаева Г.Б. Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен өткен облыстық «Жасыл балабақша» жобасы аясында «Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие берудің маңыздылығы және дамыту жолдары» тақырыбындағы семинарға қатысып, сертификат алды (сертификат №005682).

Қорытынды: Үш жылда бір реттен сиретпей басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін артыру курстарынан өту талабына сәйкес келеді, барлық педагогтер біліктілігін арттыру курстарынан уақытылы өтіп отырады.

3. Тәрбиеленушілер контингенті

3.1.Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар:

- 1) мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын сақтау.**
Жасына байланысты, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер контингенті туралы мәліметтер

«№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК 5 күндік жұмыс аптасымен, балалардың 10,5 сағат болуымен жұмыс жасайды. Барлығы төрт топ бар, топтар жас ерекшелігі бір қағидасы бойынша жасакталған.

2025-2026 оқу жылында - бір кіші, екі ортаңғы, бір ересек топтар жасакталды.

2025-2026 оқу жылында ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер болған жоқ.

Қорытынды: Топтар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығына 1-қосымша «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 1-тарау, 4,6 тармақтары талаптарына сәйкес жасакталды.

- 2) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды ескере отырып, жас топтарының толықтығы туралы мәліметтер**

«№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК - да топтар оқу жылының басында жас ерекшелігі бір қағидасы бойынша жасакталды:

«Күнім» кіші тобы – 20 бала

«Балбөбек» ортаңғы тобы-25 бала

«Жұлдыз» ересек тобы-25 бала

«Алақай» ересек тобы-25 бала

Қазіргі таңда барлығы 83 бала тәрбиленуде:

«Күнім» кіші тобы – 20 бала

«Балбөбек» ортаңғы тобы-22 бала

«Жұлдыз» ересек тобы-21 бала

«Алақай» ересек тобы-20 бала

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар болған жоқ.

Қорытынды: Топтар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығына 1-қосымша «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 1-тарау 7 тармағы талабына сәйкес жасакталды.

- 3) әр түрлі жас топтарының болуы**

2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығына 1-қосымша «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 1-тарау, 5 тармағына сәйкес бір жастағы және 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі балаларға арналған бөбек жастағы және мектеп жасына дейінгі топтардың болуы карастырылды, яғни, кіші (2 жастағы балалар), ортаңғы (3 жастағы балалар) және ересек (4 жастағы балалар) топтар бар.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығына 1-қосымша «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 1-тарау, 5 тармағына сәйкес жас топтары жасакталды.

4) Тәрбиеленушілер контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер:

«№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК-на тәрбиеленушілер қазіргі таңда ваучерлік қаржыландыру негізінде қабылданады. Қабылданған балалар darabala.kz сайтына тіркеледі, күнделікті қатысу табелі толтырылып отырылады. Сонымен қатар, қабылданған балалар ҰБДҚ базасына тіркеледі.

Әр оқу жылының басында тәрбиеленушілердің жас кезеңдеріне қарай жас топтары жасақталады. Оқу жылының соңында тәрбиеленушілер келесі жас топтарына көшіріледі. Тәрбиеленушілердің қозғалысы бойынша балабақша меңгерушісі тарапынан бұйрықтар шығарылып отырылады және тәрбиеленушілердің қозғалысы кітабына тіркеліп отырылады.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығына 1-қосымша «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 1-тарау, 13 тармағына сәйкес қабылданады.

3.2. Тәрбие және оқыту мерзіміне қойылатын талаптар:

1) балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау

«№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК -да төрт топ жұмыс жасайды.

2025-2026 оқу жылында бір кіші топ, екі ортаңғы топ және бір ересек топтар жасақталды: кіші топқа 2 жастағы балалар (2023 жылы туылған балалар), ортаңғы топтарға 3 жастағы балалар (2022 жылы туылған балалар), ересек топқа 4 жастағы балалар (2021 жылы туылған балалар) жинақталды.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығына 1-қосымша «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары 1-тарау, 7 тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 4 тарау, 25 тармағы талабына сәйкес жас топтары жасақталды

2) 1 сыныпқа тәрбиеленушіні қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру мерзімдерін сақтау

«№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК -да 2025-2026 оқу жылында "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен (өзгеріс 14.10.2022 ж. №422 бұйрық) бекітілген бағдарламаның мазмұнын меңгеру мерзімі 1 қыркүйек - 31 мамыр аралығында жүргізілді. 1 маусым мен 31 тамыз аралығында – жазғы сауықтыру кезеңі.

2025-2026 оқу жылында кіші тобының тәрбиеленушілері (2 жастағы балалар) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 10 қазандағы №422 бұйрығымен өзгерістер енгізілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының 2 тарау бойынша бағдарлама мазмұнын игерді, ортаңғы тобының тәрбиеленушілері (3 жастағы балалар) 3 тарау бойынша бағдарлама мазмұнын игерді, ересек топтарының тәрбиеленушілері (4 жастағы балалар) 4 тарау бойынша бағдарлама мазмұнын игерді.

2025-2026 оқу жылының соңында ересек тобынан №65 жалпы білім беретін орта мектебінің және Благодар орта мектебінің мектепалды сыныптарына 20 тәрбиеленуші шығарылды. Тәрбиеленушілердің шығарылғаны туралы Акт жасалып, «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-не тапсырылды.

Тәрбиеленушілер Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 1 қосымша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 4 тарау, 26 тармағы: «Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі – 5 жыл, бір жас тобында – 1 жыл» талабына сәйкес бір жас тобында 1 жыл тәрбиеленіп, оқу жылының соңында келесі бір жас жоғары жас тобына көшіріледі.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына (өзгеріс: ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.01.2025 № 12 бұйрық) 1 қосымша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 4 тарау, 26 тармағы: «Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі – 5 жыл, бір жас тобында – 1 жыл» талабына сәйкес сәйкес келеді.

4. Оқу-әдістемелік жұмыс

4.1.Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар:

- 1) жұмыс оқу жоспарлары мен ұйымдасқан қызметің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкестігі**

2025-2026 оқу жылының басында оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары құрылып, «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-мен келісіліп, бекітілді. Оқу жұмыс жоспары «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына (*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 16 қаңтардағы №7 бұйрығымен өзгерістер енгізілген*) сәйкес құрылды.

Кіші топта (2 жастағы балалар) «дене тәрбиесі» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш рет және «музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына бір рет, қалған ұйымдастырылған іс-әрекеттер күн сайын жүргізіледі.

Ортаңғы топта (3 жастағы балалар) «дене тәрбиесі» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш рет, «қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына бір рет және «музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына бір рет, қалған ұйымдастырылған іс-әрекеттер күн сайын жүргізіледі.

Ересек топтарда (4 жастағы балалар) «дене тәрбиесі» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш рет, «қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына бір рет және «музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына екі рет, қалған ұйымдастырылған іс-әрекеттер күн сайын жүргізіледі.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер болған жоқ.

Қорытынды: 2025-2026 оқу жылының оқу жұмыс жоспары Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес құрылды, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына (өзгеріс: ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.01.2025 № 12 бұйрық) 1 қосымша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 2 тарау, 4 тармағы, 3 тармақшасы талабына сәйкес келеді.

2) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру

2025-2026 оқу жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен өзгерістер енгізілген*) сәйкес барлық топтарға арналған перспективалық жоспарлар құрылып, бекітілді. Осы жоспарларға сәйкес білім беру қызметі жүргізілді. Әр аптаға арналған тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасында балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел - үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) баланы толыққанды дамыту - қимыл белсенділігіне жағдай жасау, пайдалы және құнарлы тамақтандыру, жағымды қарым-қатынас орнату және дамытушы ортаны ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етілетін баланың физикалық, психологиялық, әлеуметтік, эмоционалдық денсаулығы мен қауіпсіздігі, білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер толық көрсетіледі. Топтар бойынша күн тәртібі, ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің кестелері құрылып, меңгеруші тарапынан бекітілді.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 1 қосымша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 2 тарау, 4 тармағы, 5 тармақшасы талабына сәйкес келеді.

«№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК-да психолог маманы жұмыс жасайды. Диагностикалық әдістеме және бақылау бойынша әр топтағы балаларды зерттей отыра, балалардың өзара және ересектермен қарым-қатынасының ерекшеліктерін анықтайды, балалардың психологиялық, ақыл-ой дамуын анықтайды. Балалармен жеке түзету жұмыстар жүргізеді, тәрбиешілер мен ата-аналарға арнайы жасалған ұсыныстар беріп отырады. Жылдық жоспар, айлық жоспар, циклограмма құжаттарын жүргізеді.

4.2.Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптардың сәйкестігі және сақталуы

2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 1 қосымша Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің

2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына (*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 16 қаңтардағы №7 бұйрығымен өзгерістер енгізілген*), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген*) сәйкес әр топқа перспективалық жоспарлар құрылып, апта сайын тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммалары толтырылды.

Кіші топта (2 жастағы балалар) «дене тәрбиесі» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш рет және «музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына бір рет, қалған ұйымдастырылған іс-әрекеттер күн сайын жүргізіледі.

Ортаңғы топта (3 жастағы балалар) «дене тәрбиесі» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш рет, «қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына бір рет және «музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына бір рет, қалған ұйымдастырылған іс-әрекеттер күн сайын жүргізіледі.

Ересек топтарда (4 жастағы балалар) «дене тәрбиесі» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш рет, «қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына бір рет және «музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына екі рет, қалған ұйымдастырылған іс-әрекеттер күн сайын жүргізіледі.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 1 қосымша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 3 тарау, 22 тармағы талабына сәйкес келеді.

5. Оқу-материалдық активтер

5.1.Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар:

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын сақтау.

- 1) Ғимарат туралы мәлімет (ғимарат типі, салынған жылы, жобалық қуаты, ағымдағы және күрделі жөндеу өткізуге қажеттілік және басқалары)**

«№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК 1987 жылы салынып, 1988 жылы қолданысқа берілген, екі қабаттық типтік ғимаратта орналасқан, жалпы көлемі 1041 шаршы метр, жобалық қуаты – 95 орындық, «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-нің 03.06.2024 жылғы №286 бұйрығымен күрделі жөндеу жұмыстарына жабылып, 2024 жылдың 2 желтоқсан күні балабақша күрделі жөндеуден ашылды. Атап айтсақ, ғимараттың төбесі жабылды, ішкі сылақтар толық қырылып қайта сыланды, еден жабуы қырылып қайта ауыстырылды, терезелер мен сыртқы және барлық бөлмелердің есіктері ауыстырылды, жылу беру және жарық желілері ауыстырылды, балабақша үлескісінде балаларға шағын спорт алаңы, ойын алаңы, шағын сәулет

нысандары, 4 топқа арналған күншатырлар жасалды. Сырттағы жылу және су құбырлары ауыстырылды, ғимараттың айналасына асфальт төселді. Сонымен қатар, жер төле ішіндегі жұмыстар жасалды.

2) Жиһаз және жабдықтармен қамтылу туралы ақпарат

«№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК ғимаратында төрт топ қарастырылған. Әр топта ойын бөлмесі, жатын бөлмесі, қабылдау бөлмесі, дәретхана, ыдыс жуу бөлмелері бар. Барлық топтар қажетті жиһаздармен жабдықталған. Төсеніштер, ыдыс-аяқтар, жатын төсеніштері жеткілікті. Топтар мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарына сай безендірілген. Сонымен қатар, ғимаратта меңгеруші кабинеті, әдіскер кабинеті, медбике кабинеті, психолог кабинеті, кір жуу бөлмесі, асхана, қосалқы бөлмелер бар. Қажетті жабдықтармен және жиһазбен толық қамтылған. Қосалқы қабатта музыкалық залы (спорт залы біріктіріліп) орналасқан. Балабақшада «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша жабдықталған бөлме, «Балалар кітапханасы» бөлмесі, «Тұзды шахта» бөлмесі, «ІТ-балабақша» жобасы бойынша жасакталған бөлме бар.

Қорытынды: Жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз етілуі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығына 1-қосымша «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары 1-тарау, 9 тармағына сәйкес келеді.

6. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры

Оқу-әдістемелік кешендердің болуы туралы мәліметтер

«№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК-да қажетті оқу-әдістемелік кешен жинақталған. Атап айтсақ, мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған қызықты кітаптар, ертегілер, лото-домино ойындарының жинақтары, балалардың физикалық дағдыларын дамыту мен сауықтыруға, коммуникативтік дағдыларды дамытуға, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамытуға, шығармашылық дағдыларды, зерттеушілік әрекетті дамытуға, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға, командалық жұмыс дағдыларын дамытуға қажетті дидактикалық материалар жинақталуда. Педагогтерге арналған әдістемелік құралдар, үлестірмелі және демонстрациялық материалдар, жұмыс дәптерлері, әдістемелік ұсынымдар, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың педагогикасы мен әдістемесі бойынша теориялық кітаптар бар, педагогтердің шығарған әдістемелік құралдары, электрондық орталары жинақталған.

Қорытынды: «№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК оқу-әдістемелік кешендермен қамтылған.

7. Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар:

- 1) Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің оқыту нәтижелерінің болуы:**

Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша 2025-2026 оқу жылында барлық тәрбиеленушілерге жеке даму карталары толтырылып, жүргізілді. Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын жеке даму карталары толық жүргізілді, мониторинг нәтижелері бойынша тәрбиеленушілермен жүргізілетін түзету іс-шаралары жазылып, балалармен жеке жұмыстар күнделікті ұйымдастырылып отырылды.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 1 қосымша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 2 тарауының 6 тармағы талабына сәйкес келеді, 2025-2026 оқу жылында барлық топтардың тәрбиеленушілерінің жеке даму карталары талапқа сай жүргізілді.

- 2) тәрбиеленушілердің даму мониторингінің (бастапқы) нәтижелерінің болуы және талдауы**

«№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК-да әр оқу жылында Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторингі жүргізіліп отырылады, мониторинг нәтижелерінің жиынтық есебі шығарылады. Сонымен қатар, нәтижелер негізінде әрбір балаға Баланың жеке даму карталары толтырылып, балалармен жеке жұмыстар жүргізіледі.

Тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының дамуының бастапқы мониторингі әр оқу жылының қыркүйек айында жүргізілді.

2025-2026 оқу жылында **бастапқы мониторинг** «Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, 2023 жылғы 5 қаңтардағы №1 хаттамалық шешіміне сәйкес ұсынылған «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары» және «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хатта берілген критерийлер негізінде жүргізілді.

Бастапқы мониторинг нәтижелері:

Дағдылар	Бала саны	Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі	Орташа деңгейдегі балалардың үлесі	Төмен деңгейдегі балалардың үлесі
Физикалық қасиеттерді дамыту	93	18 бала-19 %	41 бала-44 %	34 бала-37 %
Коммуникативтік дағдыларды дамыту	93	22 бала-24 %	38 бала-40 %	33 бала-36 %
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	93	19 бала-20 %	36 бала-39 %	38 бала-41 %
Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	93	23 бала-25 %	34 бала-36 %	36 бала-39 %
Өлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	93	30 бала-32 %	38 бала-41 %	25 бала-27 %

Аралық мониторинг «Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми-әдістемелік кеңесінде каралып, 2023 жылғы 5 қаңтардағы №1 хаттамалық шешіміне сәйкес ұсынылған «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары» және «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хатта берілген критерийлер негізінде жүргізілді.

Аралық мониторинг нәтижелері:

Дағдылар	Бала саны	Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі	Орташа деңгейдегі балалардың үлесі	Төмен деңгейдегі балалардың үлесі
Физикалық қасиеттерді дамыту	88	17 бала-19 %	42 бала-48 %	29 бала-33 %
Коммуникативтік дағдыларды дамыту	88	19 бала-22 %	38 бала-43 %	31 бала-35 %
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	88	21 бала-24 %	41 бала-47 %	26 бала-29 %
Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	88	23 бала-26 %	38 бала-43 %	27 бала-31 %
Өлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	88	21 бала-24 %	37 бала-42 %	30 бала-34 %

Бастапқы және аралық мониторинг негізінде әр тәрбиеленушіге жеке даму карталары жүргізілді, мониторинг нәтижелері бойынша тәрбиеленушілермен жүргізілетін түзету іс-шаралары жазылды.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 1 қосымша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 2-тарау, 6-тармағы талаптарына сәйкес келеді.

3) үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингтеу нәтижелерінің болуы және талдауы (қорытынды)

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру бойынша қорытынды мониторинг әр оқу жылының мамыр айында жүргізіледі.

2025-2026 оқу жылының қорытынды мониторингі «Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, 2023 жылғы 5 қаңтардағы №1 хаттамалық шешіміне сәйкес ұсынылған «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары» және «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хатта берілген критерийлер негізінде жүргізілді.

Қорытынды мониторинг нәтижелері:

Дағдылар	Бала саны	Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі	Орташа деңгейдегі балалардың үлесі	Төмен деңгейдегі балалардың үлесі
Физикалық қасиеттерді дамыту	82	57 бала-70 %	23 бала-28 %	2 бала-2 %
Коммуникативтік дағдыларды дамыту	82	50 бала - 61 %	27 бала-33 %	5 бала-6 %
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	82	53 бала-65 %	25 бала-30 %	4 бала-5 %
Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	82	50 бала-61 %	27 бала-33 %	5 бала-6 %
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	82	54 бала-66 %	22 бала-27 %	6 бала-7 %

Қорытынды мониторинг негізінде әр тәрбиеленушіге жүргізілген жеке даму карталары толтырылып, қорытындыланды.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 1 қосымша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 2-тарау, 20 тармағы талаптарына сәйкес келеді.

«№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК
күнделікті жұмыс көріністері

Тәрбиелеу-білім беру процесінде әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу жүзеге асырылады.

Тәрбиеленушілердің физикалық қасиеттерін дамыту, денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын, қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту мақсатында түрлі қимылды ойындар, спорттық сайыстар, ата-аналармен, педагогтермен жарыстар, спартакиадалар, денсаулық күндері ұйымдастырылады. Балалардың физикалық белсенділігіне күні бойы көңіл бөлінеді.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің түрлі іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен, балалар көркем әдебиетімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеу, белсенді сөздік қорын байыту, шығарманы бірге оқу, айтып беру, қарым-қатынас мәдениетін меңгерту міндеттерін шешеді.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған ортамен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуді қарастырады. Бұл күн сайынғы заттарды, ойыншықтарды өзбетінше зерттеу, дидактикалық ойындар, танымдық әңгімелер, эксперимент жасау, т.б. іс-әрекеттер арқылы жүзеге асырылады.

Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту қоршаған әлемді эмоционалды тану, өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасау міндеттерін қамтиды.

Тәрбиеленушілердің әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын дамытуда отбасы, түрлі мамандықтар, ересектердің еңбегі, туған жер, т.б. түсініктер арқылы тәрбиелеуге басымдық беру көзделеді.

Мерекелер қарсаңында ата-аналармен бірлесе ертенгіліктер, көрмелер сияқты шаралар ұйымдастырылады.



Тәрбиеленушілеріміз, педагогтеріміз қалалық, республикалық байқауларға қатысып, марапаттар алды



Педагогтер қалалық, облыстық семинар-практикумдарда
өз тәжірибелерімен бөлісті



Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында сабақтастық орнату бойынша іс-әрекеттер жүргізіледі. «№24 «Акку» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК Кенес Нокин тұрғын үй алабында орналасқан. Осы ауылда орналасқан №65 жалпы білім беретін орта мектебімен сабақтастық ұстанымдары қамтамасыз етіледі. Оқу жылының басында мектеп директоры және балабақша менгерушісі арасында өзара келісіліп, бекітілген жұмыс жоспары бойынша жыл бойы жұмыстар жүргізіледі. Ересек топтарының тәрбиеленушілеріне мектепке саяхат ұйымдастырылады. Балабақша тәрбиешілері пен мектеп мұғалімдері өзара сабақтарына, мерекелік шаралар мен ертенгіліктерге қатысып, тәжірибе алмасып отырады.



Қорытынды мен ұсыныстар:

1. Сапалы тәрбиелеу мен білім беру үшін жасалынған жағдайдың деңгейін ары қарай көтеру мақсатында жұмыстар жалғастырылсын
2. 2025-2026 оқу жылына жүргізілген өзін-өзі бағалау қорытындысы білім беру мекемесінің сайтына (<http://akku-akt.kz/kz/>) орналастырылсын

«№24 «Аққу» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК өзін-өзі бағалау комиссиясы:

Комиссия төрағасы:

Мүшелері:



Жанжигитова Ф.Ж.

Базарбаева З.И.

Ташранова А.М.

Карамульдина Ж.И.

Көшербаева Г.Б.

Хатшы:

Юлдашова Г.Х.

«АКТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ
«№24 «АККУ»
БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ
ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРЫНЫ

ГУ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА АКТӨБЕ»
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
КОММУНАЛЬНОЕ КАЗЕННОЕ
ПРЕДПРИЯТИЕ «ЯСЛИ-
САД №24 «АККУ»

030014, г.Актобе, ж/м К.Нокна, 25
тел: 87029127450

Бұйрық №23

23.04.2026 ж.

**Білім беру ұйымының
өзін-өзі бағалауын жүргізу үшін
Комиссия құру туралы**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім беру саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» РММ-нің 27.12.2022 жылғы «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» №12 бұйрығы негізінде:

БҰЙЫРАМЫН:

1. «№24 «Акку» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК 2025-2026 оқу жылы бойынша өзін-өзі бағалауын жүргізу үшін келесі құрамда Комиссия құрылсын:
 1. Жанжигитова Фарида Жолдыбаевна – «№24 «Акку» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК меңгерушісі, комиссия төрағасы;
 2. Базарбаева Зинаида Игоревна – «№24 «Акку» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК әдіскері, комиссия мүшесі;
 3. Таширанова Алия Мухамбеткалиевна – «№24 «Акку» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК тәрбиешісі, комиссия мүшесі;
 4. Карамульдина Жанаргуль Игликовна – «№24 «Акку» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК тәрбиешісі, комиссия мүшесі;
 5. Көшербаева Гулназым Бакытқызы – «№24 «Акку» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК тәрбиешісі, комиссия мүшесі.Хатшы: Юлдашова Галия Хабидуллаевна.
2. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығы негізінде жүргізілсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Негізі: «Білім туралы» ҚР заңының 59 бабы, 4-1 тармағы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 05.12.2022 ж. «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығы, «ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» РММ-нің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығы

«№24 «Акку» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК
меңгерушісі: _____



_____ Жанжигитова Ф.Ж.